

1403-10топ ст-ті Кучкинбай С.Е.

Арыстанова Ш.С. ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье говорится о Казангапе Тлепбергеновиче как духовном богатстве народа

Summary

This article talks about Kazangap Tlepbergenovich as the spiritual wealth of the people

Тілепбергенұлы Қазанғап (1854-1921) - қазақтың әйгілі күйші - композиторы. Туып-өскен жері - арал көлінің жағасы, Құланды түбегінің Ақбауыр деген жері.

Қой соңында өткізген он жылда ол домбыраны жан серігі етіп, өзінің сезім - түйсігін күй тілінде сыртқа шығаруды машық етеді. Содан, оң-солын тани бастағанда күйге біржола өмірін арнамақ болып, әке-шешесінен рұқсат алады. Қазанғап Доңызтау-Аққолқада елді мекенінде - Төреш, Бесқалада - Орынбай, Құрманғазы, Орынборда - Үсен төре сияқты әйгілі домбырашылармен кездеседі. Арал алабын, Үстірт, Маңғыстау аймағын, Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай, Троицк, Орынбор төңірегін шарлап өнерін шыңдайды.

Қазақтың күй өнерінің негізін салып, бүгінгі күнге жеткізіп кеткен күйші бабаларымыз аз емес. Қазақ даласының әр өңірінде туған олардың әрқайсысы өзіндік стилімен ерекшеленеді. Сондай дербес мектептің негізін қалап кеткен халық күйшісі - Қазанғап Тілепбергенұлы. Мұны академик Ахмет Жұбанов та «Қазақ домбыра өнеріндегі жеті мектептің бірі - Қазанғап дәстүрі» деп атап көрсеткен [1].

Ұлы күйші көп жылдарға дейін зерттелмей келді. Шындығын айтқанда, өткен кеңес дәуірінде зерттелмеді. Қазақ музыкасын профессионалдық тұрғыдан зерттеп, бір ізге түсірген, ұлттық өнерімізге еңбек сіңірген академик Ахмет Жұбанов 1940-жылдары Қазанғапты жарыққа шығармақ болған. Кітап та жазады. Алайда, Ахмет Жұбановтың үстінен кедергі келтірген. Кейін кітапты өзгертіпкіреп жариялауға тура келеді. Қазанғаптың атын ататпай, күйлерін жарыққа шығармайтындай басты себептердің бірі - күйшінің отарлық езгіге қарсы болып, халықтың мұңын мұңдауы, жоғын жоқтауы. Ахмет Жұбанов қайтпас қажырлылық танытып, ұлы күйшінің күйлерін жинастырып, нотаға түсіріп, қазақ музыкасының антологиясына ұлы күйшінің есімін енгізді.

Қазанғап эпикалық күйші. Оның күйлері қазақтың өткеніне де, бүгініне де, болашағына да терең бойлайды. Қазанғап күйлері: «Торы ат», «Орынбай

«Ақжелең», «Ноғайлы босқыны», «Жұртта қалған», «Окоп», «Қос қыран», «Бекеттің жыр күйі», «Шырылдатпа», «Жіберсейші», «Ерназар, Бекеттің зары», «Қызыл керуен» «Майда қоңыр», «Учитель», «Өтті-ау дүние», «Көкіл».

1916 жылы 25 шілдеде орыс патшасы қазақтардан солдат алу туралы жарлық бергені тарихтан белгілі. Патшаның бұл жарлығына қарсы болған қазақтар бір жерден екінші жерге үдере көшкенде, мүмкіндігі жоқтар жұртта қалып қойған. Мұны да Қазанғап «Жұртта қалған» деп күйге қосады. Бұл күйлерден жазықсыз зәбір көрген қазақтың мұңы естіледі. Осылайша орысқа қарсы шығып, домбырамен жырлаған Қазанғаптың күйлері Кеңес үкіметіне үрей туғызды. Елін, халқын сүйген Қазанғаптың, қазіргі заманның тілімен айтқанда, патриоттық күйлері ұнай қоймады.

Жалпы, күйшілер арасында «Ақжелең» күйі кең тараған. Мәселен, Боғданың «Кербез Ақжелең», «Кербез керік», Ұзақтың «Ұзақ Ақжелең», Құрманғазының «Бас Ақжелең», Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең», Абылдың «Ақжелең» атты күйлері болған. Осындай дәстүрлі «Ақжелеңді» Қазанғап әрі қарай дамытып, Ақжелеңнің 62 түрін шығарады.

Қазанғаптанушылардың айтуынша, солардың қырыққа жуығы белгілі көрінеді. Қазанғап қашан да күй тартуды алдымен «Ақжелеңнің» бір түрі «Күй шақырудан» бастайды екен. Ақжелең сөзінің өзі көңілділікті, ақжарқындықты, думандылықты білдіреді, соған сәйкес күйлер де жеңіл, ойнақы орындалады. Дегенмен, әрбір Ақжелеңнің мазмұнына, болмысына, оқиғасы мен құбылысына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Онда көтеріңкі көңіл-күймен қатар, мұңды жағдай да көрініс табады. Көңіл құлазып, ренішке беріле берген кезде, құбылып, күрт сергітіп, рухыңды көтеретін қайрат, күш-жігер төгіліп бір салады.

Неге «Ақжелеңнің» саны алпыс екімен байланысты? Өйткені ол адамның алпыс екі тамырының қуат-күші, жүрек пен алпыс екі тамырдың тынысы. Жүректің сезіміне, көңіл - күйге байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан олардың орындалу өрнегі де өзгеріп отырады.

Лирикаға құрылған Қазанғап «Ақжелеңінің» 15 күйі Балжан қызға арналған. Қазанғапта махаббат лирикасымен қатар, табиғат лирикасына құрылған күйлер де бар. «Жем суының тасқыны» күйінен өзеннің сылдырап аққан сұлу ағысын, буырқана тасыған толқынын естіп, айналасындағы әсем табиғатты аңғаруға болады. Сондай-ақ өзен бойындағы ауыл адамдарының тіршілігін, мінез-құлқын, қонақжай, ыстық ықыластарын да түсіне аласың. «Дүркін-дүркін дүние», «Қап, әттеген-ай», «Домалатпай Ақжелең», «Ілме», «Жаңылтпаш» көңіл-күй лирикасына құрылған.

Бірде Бүркітбай байдың жорғасының жүрісін, сұлулығын көріп сүйсінген Қазанғап «Торы жорға аттың бөгелек қағуы» атты күйді суат басында шығарған көрінеді. «Торы аттың кекіл қақпайы», «Майда қоңыр», «Бөгелек», «Ақсұңқар құс» күйлері де жан-жануарларға арналған.

Ақтөбе өңірінде Үсен төре деген күйші өткен. Өзі бай, өзі күйші Үсен төре бұрын-соңды көрмеген Қазанғапты жылы шыраймен қабылдай қоймайды. Қазанғап үйде жүрген келіншектен ілулі тұрған домбыраны

сұрайды. Келіншек атасы Үсеннің жақтырмайтынын білсе де, қонаққа амалсыз алып береді. Содан Қазанғап бірнеше күйді қайырып тастайды. Риза болған Үсен төре басын көтеріп, Қазанғап екенін біледі, жөн сұрасады. Қазанғап кетерінде «Қанша байлық болғанмен, дүние екі айналып келмес. Заман өзгерер, маңдайдағы бақ-дәулет мәңгі болмас» деген терең ойды білдіретін «Өттің дүние, кеттің дүние» атты философиялық күйін Үсенге арнап шығарады [2]. «Жұртта қалған», «Көкіл» күйлерінен де үлкен философиялық тұжырымдар есіледі. Сондай-ақ, Қазанғап бұрынғы жыраулық дәстүрді домбыра тілімен дамыта білген. «Ноғайлының босуы», «Балжанның жыр күйі», «Бекеттің жыр күйі» атты күйлер жыраулық сарынмен үндес келеді.

Қазанғап домбыраны оңқай да, солақай да тартқан. Ал, күйлерін орындаудағы. Сондай-ақ қарсы қағыс, буын-буынмен тарту да Қазанғапқа тән өзіндік шеберлігі әрі ерекшелігі - сүйретпе қағыс пен ілме қағысты астастыра отырып, саусақ тимейтін пернелердің өзінен дыбыс шығаратындығы. Күй мазмұнына қарай оң қол мен сол қолды ауада кейде сермеп, кейде әсем билете отырып, күйдің мәнін жеткізу, бейнелік көріністер жасау, баурап алу үшін, саптап тарту тәсілін де пайдаланған.

«Шәкіртсіз ұстаз - тұл» деген, Қазанғаптың шәкірті аз болмаған. Олар - Матай Қуантайұлы, Құрманғали Өмірзақов, Кәдіралы Ержанов, Нұрқат Қосуақұлы, Медеубай Бақтыбергенұлы, Жәлекеш Айпақов және басқа көптеген домбырашылар.

А.Жұбанов Қазанғаптың күйлерін зерттеп жүріп, 1965 жылдары Шалқарда Жәлекешті кездестіреді. Оның шеберлігіне тәнті болған Жұбанов Алматыға алдырып, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестріне домбырашы етіп қабылдайды. Барлық жағдайын жасайды. Оның себебі бар. 1904 жылы туған Жәлекеш Қазанғаптың көзін көрген, әкесі қоңсылас қонған. Ж.Айпақовтың орындауындағы Қазанғаптың 13 күйі Қазақ радиосында 1975 жылға дейін беріліп келді. Қазанғап күйлерін алғашқы насихаттаушылар ретінде Жәлекеш Айпақовқа Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі атағы берілген. Ахмет Жұбанов Кәдіралы Ержанов орындаған Қазанғаптың күйлерін магнитофон таспасына жазып алған.

Ахмат Жұбанов бастап берген соқпақ жалғасын тапты. 1978 жылдың маусымында Қазақ Ұлттық ғылым академиясының экспедициясы Шалқар ауданында болды. Экспедицияның басында академияның корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Б.Сүлейменов және ұлттық фольклордың, жалпы мәдениетіміз бен өнеріміздің нағыз жанашыры Мардан Байділдаев болды. Ел аралап, күйші туралы деректер жинады. Қазанғаптың шәкірті Шүрен Сартовпен кездесіп, бірнеше күйді таспаға жазып алады. Экспедицияның жемісті еңбегінің нәтижесінде Қазанғаптың бейіті анықталды. 1921 жылы Қазанғап қайтыс болғанда ағайын - туыспен бірге Кәдіралы, Балмағанбет және басқа шәкірттері бейітін тұрғызады. Бірақ, қиын уақытта тұрғызылғандықтан болар, кейініректе жермен-жексен болады. Дегенмен, 1994 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика

институтының ректоры Мұхтар Арынның басшылық етуімен күйші жерленген Ақбауыр құмындағы бейіті жаңартылды.

Қазанғап мұрасын Ахмет Жұбановтан кейін зор еңбек еткен Сәдуақас Балмағамбетов еді. Сәдуақас 1974 жылы Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік консерваториясын бітіргеннен бастап сол оқу орнында еңбек етті. Қазанғаптың шәкірті болған әкесі Балмағамбеттен талай күйді үйреніп өсті. Енді тек ғылыми тұрғыдан зерттеп, дәлелдеу еді. «Тірі Қазанғап» атанған Сәдуақас Балмағамбетов балалық, студенттік шақтан кейінгі тура 25 жыл профессионалдық ғұмырын Қазанғаптың мұраларына арнады.

Қазанғаптанушы, журналист Мұхамбетәли Есмағанбетов Сәдуақас Балмағамбетовтен жасы кіші болса да, шығармашылық байланыстары арқылы рухани достықта болды. М.Есмағанбетов С.Балмағамбетовтың қалай «тірі Қазанғап» атанғанын айтып кеткен. «Ұлы сазгер Нұрғиса Тілендиев бір отырыста Сәдуақастың тартқан күйіне тәнті болып, «мынау кімнің күйі?» депті. Қашаннан сырбаз, ешкімге бас имейтін, өткір мінезді Сәдуақас Балмағамбетов: «Немене, Қазанғап Тілепбергенұлы деген қазақтың ұлы күйшісін білмеуші ме ең, бұл сол Қазанғаптың «Кербез Ақжелеңі» деген екен. Сонда Нұрағаң «Ойпырмай, сонда бұл күйді Қазанғаптың өзі қалай тартқан екен, сен нағыз тірі Қазанғаптың өзісің ғой» деп, Сәкеңнің домбыра тарту шеберлігіне өзінің жүрекжарды бағасын берген екен». Содан кейін Сәдуақас Балмағамбетов күйші - домбырашылар, өнер адамдары арасында, ел ішінде «тірі Қазанғап» атанып кеткен» [3].

Сәдуақас Балмағамбетов Қазанғап күйлерін нотаға түсіріп, 1983 жылы күй табаққа жаздырды. «Саз зергері Қазанғап» атты кітабы өзі қайтыс болған соң екі жылдан кейін, яғни 2001 жылы профессор Айтжан Тоқтағанның көмегімен жарық көрді. Кітапта Қазанғаптың жиырма күйінің нотасы берілген, әрбір күйдің шығу тарихы айтылған [4].

Академик Ахмет Жұбанов ертеректе Басығараевқа хат жазып, түптің түбінде Қазанғаптың халықтың рухани байлығына айналатынын айтқан. Ахмет Жұбанов бастаған ауыр да игілікті еңбектің нәтижесінде Қазанғап қайта оралды. Өнер сүйген адам үшін, жалпы қазақ үшін ең қуаныштысы осы.

Қазанғаптың күйшілік болмысына ден қойғанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының рухани әлемінде көрініс тапқан антиутопиялық ағымның, кертолғау сарынының, зар заман тақырыбының аса дарынды өкілі деп атаған жөн.

Қазанғап - танушылар, күйші-домбырашылар, өнер зерттеушілері ұлы күйшінің күйшілік ерекшеліктерін, өзге күй мектептерінен айырмашылықтарын, жанрлық құрылымын зерттеп, ғылыми айналымға қосып жатса құба-құп болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. -Алматы, 1971.
- 2.Жанұзақова З. Қазақ халқының аспап музыкасы. -Алматы, 1964.
- 3.Ақселеу Т. Күй шежіре. -Алматы, 1998.
- 4.Тоқтаған.А. Саз зергері Қазанғап. -Алматы, 2001. 1985.